«Арқалық политехникалық колледжі» КМҚК

# 2021-2022 оқу жылында атқарылған тәрбие жұмысының талдамалық есебі

Дайындаған: директордың ТЖ жөніндегі орынбасары
Ахметова Салтанат Сериковна

Арқалық, 2022 жыл

Тәуелсіз елдің негізгі тірегі - білімді ұрпақ. Қазіргі таңда білімдінің алға түсіп, бәйгеден озып келетін заманы енді туды. Мемлекет болашағының кепілі - жастарға білім мен тәрбие беру мәселесінен өткір мәселе жоқ екені белгілі. Қазақтың кемел талантты ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынов: «Елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керек», -деген. Қазақстан Республикасының білім беру реформаларының негізгі мақсаты- білім беру жүйесін жаңа экономикалық ортаға бейімдеу. Білім беру жүйесін жетілдіру осы мақсатқа қол жеткізуде маңызды рөл атқарады. Болашақта өркениетті, дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет.

<u>Колледждің әлеуметтік паспорты:</u>

Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған білім алушылар – 17

Мүгедек – 12

Толық емес отбасынан – 132

Аз қамтылған – 78

Өгей әкелерімен тұратындар – 22

Қолайсыз отбасылар – 9

Ыстық тамақпен қамтамасыз етілген білім алушы саны 353.

Ерекше назарды қажет ететін, педагог-психолгтың есебінде 14 б/а.

Колледжішілік есепте 10 б/а.

ІІБ-нің есебінде 5 б/а тіркеліп тұр.

Колледждегі тәрбие жұмысы оқу орнының ерекшелігін ескере отырып директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, психолог, топ жетекшілер, жастар комитеті, Құқықбұзушылықтың алдын алу Кеңесі арқылы жүзеге асады.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ МЕН АЗАМАТТЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУ БАҒЫТЫ.

Тәрбие бағытының бірі және бірегейі ол патриоттық тәрбие. Тәрбиенің әр бағытының өзіндік ерекшелігімен қажеттілігін ескере отырып, елдің болашағын, ұлтжанды азаматтарды тәрбиелеуде Қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу бағытының маңыздылығын түсінеміз. Осы бағытта колледж білім алушылары мен топ жетекшілері және мұғалімдер болып бірқатар ісшаралар өткізіп, нәтижелі жұмыстар атқарды. Жалпы тәрбие кезек күттірмейтін мәселе болғандықтан колледж көлеміндегі жұмыстар қыркүйектің бірінші аптасынан басталды. Атап айтқанда, 1-қыркүйек – білім күні жаңадан қабылданған білім алушыларға арналған салтанатты жиыны «Білімді ел – мәңгі ел» тақырыбымен өтті. Топ жетекшілер 1-4 курс білім алушыларына «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында бірыңғай рсепубликалық тәрбие сағаттарын өткізді.

7 қыркүйек күні еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «ХАЛЫҚ БІРЛІГІ ЖӘНЕ ЖҮЙЕЛІ РЕФОРМАЛАР – ЕЛ ӨРКЕНДЕУІНІҢ БЕРІК НЕГІЗІ» атты жолдауын «Нұр Отан» партиясы Арқалық қалалық филиалының кеңесшісі Рахметов Жандос Ерғазыұлының қатысуымен колледж студенттерімен талқылау ұйымдастырылды.

24 қыркүйек күні Арқалық қаласының 65 жылдығына орай 1-3 курс студенттері, 50 адам, «Наурыз» алаңында флешмоб ұйымдастырды.

29 қыркүйек күні Арқалық қаласының 65 жылдығына орай колледжішілік «Арайлы қалам Арқалық» атты салтанатты концерт ұйымдастырылды.

7 қазан күні құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында ІІБ қызметкерлері Оберемок Наталья Васильевна және Ахат Дамира Талғатқызымен кездесу ұйымдастырылды.

22 қазан күні сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселесі бойынша «Адал ұрпақ» үйірмесі жетекшісінің ұйымдастыруымен 1 курс білім алушылары арасында «Стоп – мы

против коррупции» тақырыбында суреттер сайысы өтті. Байқау нәтижесі бойынша 1 орынды – ТО-11 тобы, 2 – Э-11 тобы, 3 орынды МЗ-11 және З-01 топтары иеленді.

3 қараша күні колледжшілік 1-курс студенттер аралығында «Кіші калибрлі винтовкадан» атыс жарыс өтті. Бұл жарыста барлық бірінші курс студенттері катысты. 1-орын Катанков Никита ЭГС-11. 2-орын Құрманғали Дархан ЭГС-11тобы. 3-орын Зікір Айбек Э-11тобы. 3-орын Галицков Альмади То-11 тобы иеленді.

30 қараша Тұңғыш президент күніне орай салтанатты жиын өткізілді. Топ жетекшілер тәрбие сағаттарын өткізді.

Колледжде 16-желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған іс-шаралар жоспары жасақталды. Жоспар бойынша төмендегідей іс-шаралар өткізілді:

9 желтоксан күні Арқалық политехникалық колледжінде Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 30 жыл толуына арналған "Тәуелсіздік -тірегім, Қазақстан - жүрегім" атты салтанатты жиын өтті. Жиын барысында 30 жыл ішінде еліміздің жеткен жетістіктері аталып өтті. Әнұран шырқалды, білім алушылар тәуелсіздік туралы өлен оқып, ән айтты. Жауапты МЗ-11 тобы.

Желтоқсан айының 13-і күні Арқалық политехникалық колледжі кітапханашысы Кабылдина Асылай Сайлаубековна және «Атамұра» үйірмесінің жетекшісі Қоқашева Гулден Ақзабайқызымен бірігіп Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай және рухани жаңғыру бағдарламасы аясында «Тәуелсіздікке 30 жыл-30 кітап» тақырыбында кітап көрмесі қойыды, колледж білім алушыларына таныстырылды. Көрмеге Қазақ хандығынан бастап, Алаш партиясы, Желтоқсан көтерілісі жіне Тәуелсіздік тақырыбында кітаптар қойылды. Сондай-ақ көрмеге Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында «100 жаңа оқулық»-жаңғырудың тетігі» деген тақырыппен шетлі кітаптарының қазақ тіліндегі аудармалары қойылды. Студенттерге ата-бамамыз аңсап кеткен Тәуелсіздікке қалай қол жеткіздік және сол жолдағы қиыншылықтар жөнінде мысалы үшін Қазақ хандығынан бастау алған көтерілістердің Желтоқсан оқиғасымен аяқталып тәуелсіз ел болғанымыз туралы түсіндірілді.

Сонымен қатар 1-ші қабатта колледжішілік "Тәуелсіздік адамзаттың бақыты" көрмесі ұйымдастырылды. Жауапты П-11 тобы.

Желтоқсан айының 13-і күні Арқалық политехникалық колледжі кітапханашысы Кабылдина Асылай Сайлаубековнаның ұйымдастыруымен 16 желтоқсан тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіздік деп соғады жүрегіміз» атты дөңгелек стол өткізілді. Қонаққа 1986 жылғы желтоқсан оқиғасына қатысушы Дәмет Есенжолқызы шақырылды. Дәмет Есенжолқызымен керемет сұхбат барысында студенттер тарапына сұрақтар қойылып жақсы сұхбат болды. Сол кездердегі құрбан болған қыз жігіттеріміздің көзі тірісіндегі өлеңдері оқылып, «Желтоқсан әні» орындалды. Қонағымызға естелық силық пен алғыс хат табысталды.

14 желтоқсан күні колледжішілік «Жігіт сұлтаны – 2021» сайысы өткізілді. Арқалық қаласының жастар ресурстық орталығының басшысы Ахметжанов Амангелді Серікұлының басшылығымен төрешілік жасалып, жеңімпаздар анықталды: бас жүлдені ТО-21 тобының б/а Сапақов Батырбек, 1-ші орынды Қаратай Темірлан Э-11, 2-ші орын – Тулегенов Алихан ОП-37, 3-ші орынды ЭГС-11 тобының б/а Шаяхметов Данияр иеленді.

15 желтоқсан күні Тәуелсіздік күніне арналған апталықтың салтанатты жабылуында бірінші жартыжылдықтың қорытындысы бойынша белсенді білім алушыларды марапаттау рәсімі өтті.

Апталық аясында топ жетекшілер тематикалық тәрбие сағаттарын өткізді. Тәрбие сағаттының сабақ жоспары алдын ала бекітілді, сабақ барысында топ жетекшілер аудио, мультимедиялық жабдықтарды қолданды.

24 ақпан күні Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай «Ұлтының қамын жеген ұлы тұлға» тақырыбында 1 курс студенттері арасында әдеби сайыс ұйымдастырылды.

1 наурыз күні Дүниежүзілік азаматтық қорғаныс күніне орай колледжішілік іс-шара өтті. Шараның арнайы қонағы Арқалық қаласының өрт сөндіру қызметінің басшысының орынбасары Дауылбаев Нұрбол Асылбекұлы мен басқа қызметкерлері келіп білім алушыларға өрт кезіндегі алғашқы көмек көрсету, арнайы өрт сөндірушілердің сыртқы киімін тез және дұрыс кию тағы да басқа пайдалы ақпарат берді. Іс-шара 1, 2, 3 курс құрама командаларының жарысымен жалғасып, соңында «Сарбаз» әскери-патриоттық клубының музыкалық нөмірімен аяқталды. Соңында жеңімпаздар марапатталып, Нұрбол Асылбекұлына колледж басшысының алғыс хаты табысталды.

7-12 сәуір аралығында «Адал ұрпақ» клубының жетекшісі Токаева Эльмира Муратовнаның ұйымдастыруымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы бейнероликтер байқауы өтті. Нәтижесінде

15 сәуір күні өрт сөндіру бөлімінің басшысы Каримов Сырым Сакенұлымен «Өрт қауіпсіздігі» тақырыбында кездесу өтті.

29 сәуір 1 мамыр Бірлік күніне орай ПК-26 тобының жетекшісі Руденко Алексей владимировичтің ұйымдастыруымен «Под единым шаныраком» тақырыбында 1-2 курс студенттері арасында халықтар достығы фестивалі өтті.

7 мамыр – Отан қорғаушылар күніне орай салтанатты концерт ұйымдастырылды.

9 мамыр Ұлы Жеңістің 77 жылдығына арналған 1-3 курстарға арналған тәрбие сағаттары және «Ардагерді ардақтайық» еріктілер акциясы ұйымдастырылды.

2 маусым күні Қазақстан Республикасының Рәміздер күніне орай «Мемлекеттік рәміздер – ұлт мақтанышы» атты салтанатты жиын, концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. Салтанатты жиында 2 жарты жылдықты қорытындылап, белсенді білім алушылар мен спорт саңлақтары марапатталды.

## РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық қағидаттарын, оның қазақстандық қоғам өмірінің қоғамдық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен, оның ішінде «ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА НЕГІЗДЕЛГЕН БІЛІМ БЕРУ», «ҚОҒАМҒА ҚЫЗМЕТ» жобаларын іске асыру арқылы келісілетін моральдық қасиеттері мен ұстанымдарын жаңғырту туралы баға негіздерін терең түсінуді қалыптастыру мақсатында өткізілген іс-шаралар:

27-ші қыркүйек 1-ші қазан аралығында колледжішілік «Қарттарым – асыл қазынам» атты акция ұйымдастырылды. Колледж студенттері топ жетекшілерінің басшылығымен жалғыз басты қария кісілерге қол ұшын созып, көмек көрсетті: үй жинастыру, көмір кіргізу, аула жинақтау, сонымен қатар дәрі-дәрмек пен азық-түлік пакеттерін таратты.

1-ші қазан күні қарттар күніне орай 1-2 курс студенттері арасында «Қарттарым – асыл қазынам» атты акция ұйымдастырылды, акция аясында колледж еріктілері жалғыз басты қария кісілерге көмек қолын созды.

4-ші қазан күні Ұстаздар күніне орай студенттік парламент белсенділеді концерттік бағдарлама ұйымдастырды.

Қазан айында *«Рухани жаңғыру: Болашаққа бағдар»* тақырыбында топ жетекшілер тәрбие сағатын өткізді.

18 қараша күні «Дін – тәрбиенің рухани тірегі» тақырыбында рухани кездесу өтті. Спикерлер дін саласының майталмандары, мешіт қызметкерлері.

21 ақпан 2 наурыз аралығында «Мейірімділік жүретен» қайырымдылық апталығы ұйымдастырылды. Акция асында апталықтың салтанатты ашылуы, қайырымдылық жәрмеңкесі, тәрбие сағаттары өтті.

23 ақпан күні Арқалық қаласының мешітінің бас имамы Нұрхан Асанұлымен кездесу өтті.

2 наурыз күні Алғыс күніне орай мерекелік концерттік бағдарлама ұйысдастырылып, қадірлі қонақтар колледжіміздің демеушілері «Алюминқұрылыс» ЖШС бас директоры Муканов Абай Куспанович пен Арқалық қаласы мешітінің бас имамы Асан Нұрханұлы директордың алғыс хатымен марапатталды. Аталған іс-шара тәрбиелік мәні зор «Өмір – шексіз керуен» тақырыбында кездесумен басталды. Кездесуге келген қонақтар Арқалық қаласы мешітінің бас имамы Асан Нұрханұлы және Арқалық қаласының жастар ресурстық орталығының басшысы Ахметжанов Амангелді Серікқұлы.

## ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

Тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, ана тілі мен мемлекеттік тілге, қазақ халқының, Қазақстан Республикасының ұлыстары мен этникалық топтарының мәдениетіне құрметпен қарау мақсатында ағымдағы оқу жылы келесі жұмыстар атқарылды:

Қыркүйек айында «Тіл – ұлттың жаны» тақырыбында Қазақстан халықтарының тілдері күніне орай кітап көрмесі қойылды.

Қараша айында Ұлттық валюта күніне орай кітап көрмесі қойылып, П-11 тобының білім алушыларына таныстырылды. Көрмеде теңгенің шығу тарихы түсіндірілді.

14 желтоқсан күні колледжішілік «Жігіт сұлтаны – 2021» сайысы өткізілді. Арқалық қаласының жастар ресурстық орталығының басшысы Ахметжанов Амангелді Серікқұлының басшылығымен төрешілік жасалып, жеңімпаздар анықталды: бас жүлдені ТО-21 тобының б/а Сапақов Батырбек, 1-ші орынды Қаратай Темірлан Э-11, 2-ші орын – Тулегенов Алихан ОП-37, 3-ші орынды ЭГС-11 тобының б/а Шаяхметов Данияр иеленді.

15 наурыз күні Наурыз мейрамына орай қалалық «Жайлау күні» өтті. Іс-шараға жергілікті телеарна тілшісі қатысып, репортаж жасады.

18 наурыз күні «Нұр себеле, əз Наурыз» атты колледжішілік мереке өтті. Мерекеге колледж студенттері, оқытушылар, қызметкерлер белсенді атсалысты.

Сәуір айында 1-2 курс студенттері арасында «Қазіргі жастардың қазақи ұлттық тәрбиеге деген көзқарасы» тақырыбында пікірсайыс ұйымдастырылды.

Наурыз мейрамына орай дене шынықтыру пәнінің оқытушыларының ұйымдастыруымен 1-3 курс студенттері арасында «Ұлттық ойындар» жарысы өтті.

1 мамыр Ынтымақтастық күніне орай 29 сәуір күні 1-2 курс студенттіре арасында «Бір шаңырақ астында» атты халықтар достығы фестивалі өтті. Ұйымдастырушы ПК-26 тобы, жетекшісі Руденко Алексей Владимирович. Іс-шара өте жақсы деңгейде ұйымдастырылды.

## ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ

Ата-аналарды білім беру, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін және бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыру мақсатында келесі жұмыстар атқарылды:

Қаңтар айында «Мұра» отбасылық клубының жетекшісі Амиржанова Аұсулу Қалижанқызының ұйымдастыруымен «Тәрбие тал бесіктен» ата-аналарға арналған практикум. Қатысқан ата-аналар саны 17.

23 ақпан күні «Отбасы құру мақсаттары» тақырыбында дөңгелек стол ұйымдастырылды. Іс-шараға Аналар кеңесінің төрайымы Бақытжамал Аяғанқызы мен

Арқалық қалалық сотының судьясы Абишева Ляззат Жұбатқанқызы қатысты. Іс-шараға жауапты Әлімжан Нүргіл Байыржанқызы және Ельясова Мөлдір Жанбусиновна, өте жоғары деңгейде өтті.

ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ

Кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы көзқарасты қалыптастыру, тұлғаның экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту мақсатында келесі жұмыстар атқарылды:

15 қазан күні облыстық дөңгелек стол барысында «Профессии останемся верны» тақырыбында салтанатты концерт ұйымдастырылды.

26 қазан 2 қараша күндер аралығында колледжішілік «Зеленый колледж» акциясы ұйымдастырылды, топ жетекшілердің басшылығымен біздің білім алушыларымыз колледжді гүлдендіруге өз үлестерін қосты.

Ақпан айында колледжішілік «Снежный десант» акциясы ұйымдастырылды. Акция аясында 25 жалғыз басты, мүгедек қарт кісілерге, ауған соғысының және тыл ардагерлеріне үй ауласын қардан тазалау көмегі көрсетілді.

16 ақпан күні 6 және 4 орта мектептерінде «Мамандық жәрмеңкесі» іс-шарасы ұйымдастырылды. Оқушыларға үгіт-насихат жұмыстарын өткізу мен қатар, болашқта мамандық таңдау жолдары туралы ақпарат берілді. Колледж туралы бейнеролик көрсетіп, жарнамалық парақашалар таратылды.

24-25 ақпан аралығында қала мектептерінің оқушыларына «Ашық есік» күні ұымдастырылды. Жалпы іс-шарамен 400 оқушы қамтамасыз етілді. Іс-шара келесі бағдарлама бойынша жүргізілді:

- Концерттік бағдардарлама
- Зертханалар мен шеберханаларға саяхат
- Оқытушылар мен өндірістік оқытушылармен сұхбаттасу
- «Мамандық таңдау – табыс кілті» көрмесі
- Кәсіби тестілеу

Мамыр айында Республикалық «Бірге – Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы аясында өткізілген «Арқалық – таза қала» эко акциясына колледжден 100 студент қатысып, кубок пен Арқалық қаласының әкімі Әмірхан Біркенұлының Алғыс хатына ие болдық.

16-17 мамыр күндері аралығында Амангелді, Жангелді аудандарында «Мамандық жәрмеңкесі» іс-шарасы өтті

Сонымен қатар колледжде «Чистый четверг» ұйымдастырылып отырды.

27 мамыр «Ең үздік еріктілер тобы» байқауы ұйымдастырылды. Жүлделі 1 орынға ТО-11 тобы ие болды.

28 маусым күні «Жас маман – 2022» түлектерге диплом табыстау кеші өтті. Ағымдағы оқу жылы 195 диплом табысталды, соның ішінде 4-уі үздік диплом.

ЗИЯТКЕРЛІК ТӘРБИЕ, АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ТӘРБИЕЛЕУ

Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетін, оның ішінде балалардың кибермәдениеті бойынша дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістікті қалыптастыру мақсатында келесі жұмыстар атқарылды:

Қыркүйек айында «Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтудің тиімді механизімдері» тақырыбында колледжішілік дебат өтті. Мақсаты: Білім алушының ой-

өрісін дамыту, ізденділіру, мәдениеттілікке тәрбиелеу, болашақ маман иелерінде сөйлеу мәдениетін қалыптастыру.

Қазан айында Ы.Алтынсаринның 180 жылдығына орай «Қашықтықтан оқудың жағымсыз және жағымды әсерлері» тақырыбында колледж ішілік дебат ойыны өтті. Мақсаты студенттердің бойында азаматты ұстанымды, өзінің және қоғам алдында өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілікті қалыптастыру, елде байқалатын өзекті жағдайларды талдау және жариялы талқылау арқылы шығармашылық және сыни ойлау қабілетін дамыту. Студенттер берілген тақырыпты толық ашып айта алды. Ойында өзін жақсы көрсете білген Э-21 тобының студенті Насирила Камила.

Қазан айының 30 күні Қостанай қаласының «ЭП внесет закон об ответственности родителей за образование и воспитание детей поправу предусмотривающую штраф за низкие оценки детей в школах» тақырыбында онлайн турнин көруге шақырды, яғни бұл іс-шара білім алушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Қараша айында ТО-21 тобының жетекшісі Калжанов Нұрсұлтанның ұйымдастыруымен «Қызық екен» зияткерлік ойыны ұйымдастырылды. Ойынға ТО-21 мен АШМ-11 тобының студенттері қатысты. Нәтижесінде АШМ-11 тобы жеңімпаз атанды.

Сәуір айында «Рухани жаңғыру: білім мен бірліктің дамуы» апталығы аясында «Туған өлкеңді білесің бе?» викториналық сұрақтар ұйымдастырылды.

Мамыр айында мемлекеттік қызметкерлер күніне орай Арқалық қаласының ішкі саясат бөлімінің ұйымдастырылуымен өткен «Егер де мен әкім болсам» онлайн байқауға ОП-27 тобының студенті Кенжеғали Бақдаулет қатысып, өзінің көшбасшылық қасиеттерін таныта білді.

КӨПМӘДЕНИЕТТІ ЖӘНЕ КӨРКЕМ-ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ

Жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және эстетикалық объектілерді қабылдауға, игеруге, бағалауға дайындығын дамыту мақсатында келесі жұмыстар атқарылды:

Қазан айында 1 курс студенттері арасында өнерлі, талантты білім алушыларды анықтау мақсатында «Біз таланттарды іздейміз» байқауы ұйымдастырылды.

Қазан айында «Колледждің ханзадасы мен ханшайымы» байқауы, күзгі бал мерекесі ұйымдастырылды. Байқауға 1-2 курс студенттері қатысып, «Колледждің ханзадасы мен ханшайымы» атағына Э-11 тобының білім алушылары Шәріп Зұлбахар мен Маратқызы Назерке ие болды.

12 қараша күні бірінші курс білім алушыларын Студенттернің қаратына қабылдау салтанаты іс-шара өтті.

Студенттік парламенттің ұйымдастыруымен 1 маусым күні «Бақытты балалық шақ» атты бүлдіршіндерге арналған мерекелік іс-шара өтті.

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ, САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ

Салауатты өмір салты дағдыларын сәтті қалыптастыру, физикалық және психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау мүмкіндігі үшін кеңістік құру мақсатында келесі жұмыстар атқарылды:

18 қыркүйек күні «Денсаулық фестивалі - 2021» спорттық шара өтті. Бұл іс - шараның мақсаты - студент жастардың назарын белсенді өмір салтына аудару, әр түрлі жастағы жастар арасында дене шынықтырудың денсаулыққа тигізетін пайдасы туралы хабардарлықты арттыру, сондай -ақ күнделікті жеткілікті физикалық белсенділік дағдыларын дамыту. Салтанатты ашылу рәсімінен кейін барлық білім алушылар таңғы жаттығу жасап, содан кейін волейболдан, дойбы дан, сондай -ақ «Көңілді мәре» жарыстары өтті.

5 қазан күні медициналық қызметкер мен психологтың ұйымдастыруымен «Қыздар арасында...» атты 1-2 курс студенттері арасында жасөспірім қыздардың жеке бас

гигиенасы жайлы ақпараттандыру мен ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында профилактикалық әңгіме өтті.

18 қараша күні Арқалық политехникалық колледжінде арнайы қонақ, Арқалық қалалық емханасының эпидемиолог дәрігері Саяпин Василий Николаевичтың қатысуымен жастар арасында нашақорлықтың алдын алу бойынша лекция сабағы өткізілді. Лекция "Біз есірткіге қарсымыз!" тақырыбында өтті. Аталған іс - шараның мақсаты – жастар арасында есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен олардың аналогтарының заңсыз айналымы проблемаларына назар аудару, есірткінің зияны туралы ойлануға түрткі болу.

Жасөспірімдерге есірткіні қолданудың салдары туралы бейнероликтер көрсетілді, ақпараттық кітапшалар таратылды. Әлеуметтік желілер мен мессенджерлер арқылы есірткі құралдарын тарату ұсынылған жағдайда әрекет ету алгоритмі, сондай-ақ есірткі құралдарын өткізу және тұтыну үшін жауапкершілік шаралары, денсаулыққа тигізер зияны туралы айтылды.

27 қараша күні Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай Арқалық политехникалық колледж директорының кубогы үшін қалалық волейболдан турнир ұйымдастырылды. Турнирге қала мектептері мен колледждері, барлығы 12 команда қатысты. Салтанатты ашылуында Арқалық қаласы әкімінің орынбасары Аубакиров Түбекбай Ғапсалықұлы мен колледж директоры Карбозов Алмас Қалтайұлы құттықтау сөз сөйледі. Финалға АПК командасы, Восточный орта мектебі және Кейкі батыр атындағы 4 орта мектеп командалары шықты. Нәтижесінде 1 орынды АПК командасы иеленсе, 2-ші орынды Восточный орта мектебі, 3 орынды 4 орта мектеп алды.

10 желтоқсан күні «Біздің күшіміз бірлікте» атты 1-4 курс білім алушылары арасында үстел теннисінен турнир өткізілді. Нәтижесінде 1 орынды Э-41 тобының білім алушысы Әбнұр Әділбек, 2-ші орынды ЭМ-22 тобының б/а Жәнділдә Жандос,3-ші орынды ТО-41 тобының б/а Сағындықов Данияр иеленді. Жауапты дене шынықтыру оқытушылары.

12 қаңтар күні жалпы ата-аналар жиналысында күн тәртібінде «Короновирустық инфекцияның алдын алу. Вакцинациялау» сұрағы қарастырылды.

17 ақпан күні 1-2 курс білім алушылары арасында спорттық сайыс «Көңілді мәре» өтті. Сайыс 7 кезеңнен құрылған, білім алушылардың көңілдерінен шықты. Нәтижесінде 1 орынды Э-11 тобы, 2 орынды ТО-11 тобы, 3 орынды П-11 тобы иеленді.

14 сәуір күні «Я и мой полцейский» айлығы аясында Арқалық қаласының ІІБ біріктірілген «Салауатты өмір салты» атты көңілді мәре жарысы ұйымдастырылды. Бұл іс-шараға ерекше назарды талап ететін білім алушылардан құрылған құрама командалар қатысты. Нәтижесінде ТО-11 тобының білім алушылары жүлделі 1 орынға ие болды.

«Қай істің болсын өнуіне үш шарт бар; ең әуелі – ниет керек, одан соң – күш керек, одан соң – тәртіп керек»- деп Мұхтар Әуезов айқандай Арқалық политехникалық колледжінде жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу күн тәртібінен түспейтін мәселе. Білім алушылардың ортасында «мінезі ерекше білім алушыларға» жататын және есепте (ІІБ есебінде – 5, колледжішілік есепте – 10, педагог-психологтың есебінде – 14, жүйке-аурулар диспансерінің есебінде – 19) тұрған жалпы студент саны 48. Оқу жылының басында кәмелетке толмағандар арасында қылмыстың алдын-алу мақсатында 1-2 курс студенттері арасында құқық бұзушылықтың және ақша жинау, бопсалау,күш көрсету фактісін анықтау мақсатында социологиялық жасырын сауалнама алынды. Сауалнамалар қорытындылары бойынша ақша жинау фактісі анықталған жоқ. «Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны» іске асыру мақсатында колледж студенттері арасында жастардың діни сауаттылығын көтеру, қоғамда орын алып отырған діни ағымдар мен бағыттардың ара жігін ажыратып, экстремизмнің алдын алуға бағытталған «Жастар арасында діни экстремизм мен діни ағымдардың қоғамға келтіретін зардаптары», «Дін

және оның бағыттары», «Экстремизм мен терроризмнің алдын алу», «Діндегі радикалды бағыттар және олардың қаупі» тақырыптарында кездесулер, «дөңгелек үстел» отырыстары, тәрбие сағаттары өткізілді. 1 курс студенттері арасында дін істері басқармасының дін проблемаларын зерттеу орталығы тарапынан ұсынылған «Өмірзаяя» фильмдері мен «Қауырт желі-114», «Экстремизм мен терроризмге жол жоқ», «Ата-баба дәстүрін ұмытпа», «Әке мен бала» тақырыптарына бейнероликтер көрсетілді.

Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жүргізілетін іс-шаралардың жоспары негізінде білім алушылардан бөлек жыл сайынғы дәстүр бойынша ата-аналарға да жиналыс жасалып түсіндіріліп өтті. Студенттердің құқықтық сауатын дамыту мақсатында жергілікті құқық қорғау ұйымдарының, соның ішінде Арқалық қаласының ішкі істер бөлімінің қызметкерлерінің қатысуымен іс-шаралар ұйымдастырылды, «Құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында әңгімелесу, «Я и мой полицейский» айлық аясында «Дені саудың – жаны сау» атты көңілді мәре, , «Заңды білесің бе?» тақырыптарына дөңгелек үстел мен кездесулер өткізілді.

Алдын алу кеңесінің жоспарына сәйкес әр ай сайын өтетін құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында 20 отырыс өтсе, Арқалық қаласы әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиясының 3 отырысы өтті.

Жаңа уақыт талаптарына жауап бере алатын, кәсіби білікті, бәсекеге барынша қабілетті мамандарды даярлап, олардың бойында Қазақстандық патриотимзді , төзімділікті, жоғары адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеп, үйлесімді дамыған жауапты тұлғаны қалыптастыру және өнерге, мәдениетке деген құштарлықтарын оята білу – колледжішілік үйірмелердің басты мақсаты. Колледжімізде осындай мақсатта, әр түрлі бағыттағы 7 үйірме жұмыс жасайды. Жалпы колледж бойынша 145 студент үйірмемен қамтылған, оның ішінде 52 студент колледжішілік үйірмеге қатысып, мәдениет, көркемсөз бағыттары бойынша жоғары жетістіктер көрсетіп, колледждің дамуына өз үлестерін қосуда. Үйірме жұмысы жоспарға сәйкес атқарылды. Колледжімізде белсенді жұмыс атқарып жүрген үйірмелердің бірі «Атамұра» үйірмесінің жетекшісі Гүлден Қокашева мен «Домбыра» үйірмесінің жетекшісі Салтанат Хамзинаның жұмысын ерекше атап өткім келеді. «Домбыра» ансамблінің орындауында «Адай», «Балбырауын» күйлері облыстық, аймақтық, қалалық, колледжішілік патриоттық іс-шараларда орындалды. Домбыра күніне орай үйірме жетекшісі білім алушылар мен колледж қызметкерлеріне, жалпы саны 45, оның ішінде 21 студент, 24 қызметкерге 5 күй («Балбырауын», «Тепенкөк», «Сал күрең», «Жеңіс», «Әлқиса») үйретіп, домбырашылар ансамблі қалалық іс-шараға қатысып колледж мәртебесін көтеруге өз үлесін қосты. Гүлден Ақзабайқызының ұйымдастырған жұмысы жоспарға сай, сапалы, білім алушылардың қызығушылықтарын арттыратын, интеллектуалды ой қабілеттерін дамытуға ықпал жасайды. Білім алушылардың мамандығына деген қызығушылығының қалыптасуына бағыт беру, кәсіби құлшынысын арттыру мақсатында Азаматтардың эстетикалық талғамын тәрбиелеу бойынша «ÓzgeEpic» жобасы аясында үйірме білім алушылары арасында «Мамандығым - мақтанышым» сурет салу байқауы өтті. 13 желтоқсан күні «BOOKDATING» форматында іс-шаралар кешенін өткізу аясында «ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына – 30 кітап» атты кітап көрмесі өткізілді. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы шеңберінде «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы аясы шеңберінде 30 жаңа оқулықтар қойылып білім алушыларға таныстырылды. Көрменің мақсаты - гуманитарлық білімнің барлық бағыты бойынша әлемдегі таңдамалы қазақ тіліне аударылған оқулықтарды колледж білім алушыларына тағы бір мәрте таныстыру болды. 18 сәуір – 25 сәуір аралығында «Рухани жаңғыру: білім мен бірліктің дамуы» атты үйірменің апталығы өтті. Апталықтың мақсаты, «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақалаларынан туындайтын міндеттерді жүзеге асыру, Рухани жаңғыру мен жаңаруда болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады. Апталық аясында «Туған өлкеңді білесің бе?»

тарихи викториналық сұрақтар ілінді. «Дәстүр мен ғұрып» арнайы жобасы шеңберінде «Әжемнің ертегілері» қазақ халық ертегілеріне иллюстрациялық суреттер салу сайысы болды. Нәтижесінде, «Шығармашылық көзқарас және шешімнің бірегейлігі үшін», «Мағыналы мәнерлілігі үшін», «Тақырыпты ашудағы ерекшелігі үшін», «Қызықты шығармашылық шешім» номинацияларымен білім алушылар I, II, III дәрежелі дипломдармен ПК – 26, ЭМ-32 топтары марапатталды. 22 ақпан күні колледжішілік «Жас ғалым – 22» білім алушылардың ғылыми – зерттеу жұмыстары байқауына үйірме қатысушысы Э-11 тобының білім алушысы Маратқызы Назерке **«Өмірін өлеңмен өрнектеген айтыскер ақын, журналист – Бағила Балмашева» атты жұмысын ұсынып, II дәрежелі дипломға ие болды.**

Студенттердің бос уақытын тиімді пайдалану мен салауатты өмір салтын қалыптастыру, шыдамдылық, төзімділік қасиеттерін дамыту мақсатында колледжде 8 спорттық секция жұмыс жасайды. Спорттық секциялармен 209 студент қамтылды. Спорттық секцияға қатысатын білім алушылар да қалалық сайыстарға қатысып, өздерін жақсы жағынан көрсетіп, колледждің дамуына өз үлестерін қосты. Соның ішінде «Баскетбол» мен «Жеңіл атлетика» секциясының жетекшісі Тұрсын Бейсенбаевтың жұмысын атап өткім келеді. Тұрсын Онгарович өзі бастап Арқалық қаласының 65 жылдығына орай өткізілген жеңіл атлетикадан ашық қала біріншілігінде 40-59 жас дәрежесі бойынша ерлер арасында 1200 метр қашықтыққа жүгіруден 1 орынға ие болды; осы жарыста жеңіл атлетикадан ашық қала біріншілігінде 14-17 жас дәрежесі бойынша ерлер арасында 1600 метр қашықтыққа жүгіруден ОП-27 тобының студенті Қуаныш Бахтияр 1 орынға ие болды; Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай Арқалық қаласының колледж және институт студенттері арасындағы лига жарыстарының бағдарламасы шеңберіндегі жеңіл атлетика жарысының жалпыкомандалық қорытынды есебі бойынша Арқалық политехникалық колледжі 2 орынға ие болды (жеңіл атлетикаға қатысатын 11 студент қатысты: Нұржан Балауса, Абатова Гүлім, Жамбулов Саян, Қалдыбай Жасұлан, Кукотенко Галина т.б.), Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай баскетболдан ерелер командалары арасындағы Арқалық қаласының ашық бірішілігінде 3 орынға ие болды, осы жарыста Э-41 тобының студенті Қуанышбай Арман «Нәтижелі ойыншы» номинациясына ие болды.

Ян Амос Коменский «Кітап — ақылды қуаттандыратын құрал» деп айтқанындай, колледж кітапхана жұмысы кітапхананың жылдық жоспарына және колледждің 2021-2022 оқу жылға жұмыс жоспарына сәйкес жүргізілді. Қыркүйек айында «Тіл – ұлттың жаны» тақырыбында Қазақстан халықтарының тілдері күніне орай кітап көрмесі қойылды. Қараша айында Ұлттық валюта күніне орай кітап көрмесі қойылып, П-11 тобының білім алушыларына таныстырылды. Желтоқсан айында Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай және рухани жаңғыру бағдарламасы аясында «Тәуелсіздікке 30 жыл-30 кітап» тақырыбында кітап көрмесі қойылып, колледж білім алушыларына таныстырылды. Көрмеге Қазақ хандығынан бастап, Алаш партиясы, Желтоқсан көтерілісі жіне Тәуелсіздік тақырыбында кітаптар қойылды. Сондай-ақ көрмеге Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында «100 жаңа оқулық»- жаңғырудың тетігі деген тақырыппен шеттілі кітаптарының қазақ тіліндегі аудармалары қойылды. Студенттерге ата-бамамыз аңсап кеткен Тәуелсіздікке қалай қол жеткіздік және сол жолдағы қиыншылықтар жөнінде мысалы үшін Қазақ хандығынан бастау алған көтерілістердің Желтоқсан оқиғасымен аяқаталып тәуелсіз ел болғанымыз туралы түсіндірілді. Сонымен қатар Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіздік деп соғады жүрегіміз» атты дөңгелек стол өткізілді. Қонаққа 1986 жылғы желтоқсан оқиғасына қатысушы Дәмет Есенжолқызы шақырылды. Іс шараға Э-11 және П-

11 студенттері қатысты. Дәмет Есенжолқызымен кездесу барысында студенттер тарапына сұрақтар қойылып жақсы сұхбат болды. Сол кездердегі құрбан болған қыз жігіттеріміздің көзі тірісіндегі өлеңдері оқылып, «Желтоқсан әні» орындалды. Қонағымызға естелік сыйлық пен алғыс хат табысталды.

Колледж жатақханаларында тәрбие жұмысы бекітілген жұмыс жоспары бойынша жүргізілуде, өткізілетін іс-шараларға өзім, әлеуметтік педагог, психолог, студенттік парламент жетекшісі, қосымша білім беру педагогы, топ жетекшілер қатысып тұрамыз. Жатақханада тұрақты түрде «Үздік жатақхана бөлмесі» байқауы өткізіліп тұрады, әр бейсенбі сайын психолог пен медицина қызметкері бөлмелерді аралап, студенттермен жеке әңгімелесу жүргізеді. Жатақхананың студенттік өзін-өзі басқару ұйымымен бірлескен жоспарға сәйкес келесі іс-шаралар атқарылды: «Дені саудың – жаны сау» спорттық жарыс, «Иман – жүрек айнасы» дін қызметкерлерімен кездесу, «Тәрбие тал бесіктен», «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» тақырыбында дөңгелек стол, «Бүгінгі жастар ертеңгі болашағымыз» талантты, өнерлі студенттерді анықтау кеші, «Спорт денсаулық кепілі» шаңғы жарысы, «Қош келдің, Наурызым!» мерекелік іс-шара, «Поэзия шебері – Мұқағали Мақатаев» еске алу кеші және т.б.

Жыл бойы ата-аналармен тығыз жұмыс атқарылды. Ағымдағы оқу жылы 3 жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді, жиналыста қаралған сұрақтар:

- Студенттерге арналған ІШКІ ТӘРТІП ЕРЕЖЕЛЕРІ;
- Жасөпірімдердің арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу;
- Жасөспірімдер арасында аутодиструктивті мінез-құлықтың алдын алу;
- Балаларға жыныстық қол сұғушылықтың алдын алу;
- Короновирустық инфекцияның алдын алу. Вакцинация;
- Жасөспірімге қарсы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу;
- Ыстық тамаққа құжат қабылдау ережесі;
- Төтенше жағдай режимінде енгізілген қауіпсіздік ережелерін сақтау.

Ата-аналар жиналысына қатысқан ата-ана саны 162.

«Мұра» отбасылық клубы да ата-аналармен жұмыс атқарады. Ата-аналарды психикалық саулық жайлы сауаттандыру, аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу және тәрбие беру тақырыбын талқылау мақсатында семинар-тренинг ұйымдастырылып, жыл бойы ата-аналармен жеке әңгімелесу барысында педагог-психолог кеңестер беріп тұрды.

Колледж білім алушылары колледжішілік, қалалық, облыстық, республикалық байқау, сайыстарға қатысып отырады. **2021-2022 оқу жылының жетістіктері:**

**Республикалық деңгейде**: 1 – 3-ші орын (Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасының бастамасы бойынша 2020 жылдың 01 маусымынан бастап Қазақстан Республикасында белсенді және талантты жастарды қолдау жөніндегі жоба «Елбасы медалі» бағдарламасында қола медаліне ие болған ТО-21 тобының білім алушысы Тұрысбек Нұрболат)

**Облыстық деңгейде**: 15 жүлделі орын (екі 1 орын, сегіз 2 орын, бес 3 орын және Қостанай облысының білім басқармасының басшысы З. Байменованың Алғыс хатымен марапатталды)

**Қалалық деңгейде:** 17 жүлделі орын (төрт 1 орын және бір Кубог (экоакция), алты 2 орын, алты 3 орын, «Нәтижелі ойыншы» номинациясы, қала әкімі Әмірхан Біркенұлының екі алғыс хатымен марапатталды)

1. Арқалық қаласының 65 жылдығына орай өткізілген жеңіл атлетикадан ашық қала біріншілігінде 40-59 жас дәрежесі бойынша ерлер арасында 1200 метр қашықтыққа жүгіруден Бейсенбаев Тұрсын Онғарович – 1 орынға ие болды
2. Арқалық қаласының 65 жылдығына орай өткізілген жеңіл атлетикадан ашық қала біріншілігінде 14-17 жас дәрежесі бойынша ерлер арасында 1600 метр қашықтыққа жүгіруден Қуаныш Бахтияр – 1 орынға ие болды
3. Арқалық қаласының 65 жылдығына орай өткізілген волейбол жарысынан Арқалық политехникалық колледжінің ерлер қызметкерлер командасы 2 орынға ие болды
4. Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті - Елбасының тестілерінен Арқалық қаласы бойынша 18-23 жас арасында Қостанай облысының чемпионатына іріктеу жарынысда ер бала арасында 2 орынға ие болған Жолаушыбай Жасұлан
5. Қалалық футбол жарысынан 3 орын
6. Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай Арқалық қаласының колледж және институт студенттері арасында лига ойындарының ер балалар командалары арасындағы жарыста 3 орын
7. Қазақстан Руспубликасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай Арқалық политехникалық колледж директорының кубогы үшін қалалық волейболдан турнирында 1 орын
8. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында облыстық бейне роликтер сайысында 2 орын, Шығамбаев Ержан П-11 тобы
9. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған еркін күрестен ересектер арасында Қостанай облысының біріншілігінде 52 кг салмақта ТО-31 тобының студенті Естай Ерлан 3-орынға ие болды.
10. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай Арқалық қаласының колледж және институт студенттері арасындағы лига ойындарының бағдарламасы шеңберіндегі баскетболдан ер балалар командаларыарасындағы жарыста АПК командасы 3 орынға ие болды
11. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай Арқалық қаласының колледж және институт студенттері арасындағы лига ойындарының бағдарламасы шеңберіндегі баскетболдан ер балалар командалары арасындағы жарыста «Нәтижелі ойыншы» номинациясына Қуанышбай Арман ие болды
12. Халық аралық мүгедектер күніне орай «Рухты биік жандар» атты қалалық фестиваліне белсенді қатысқаны үшін «Арқалық қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің» басшысы К. Омарованың алғыс хаты
13. 3 место Конысбек Берик в Костанайском областном турнире по смешанному боевому единоборству ММА, посвященному дню Независимости РК
14. Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Өнеріміз саған, Қазақстан» атты оқу орындары арасында өткен қалалық көркемөнерпаздар фестивалінде 3 орын және 30000 теңге сертификат
15. Облыстық еркін күрес сайысында Э-11 тобының б/а Қабен Бақытбек 3 орын иегері
16. Э-11 тобының б/а Жамбулов Саян ауыр атлетикадан облыс чемпионы

17. ЭМ-22 тобының б/а Жәнділдә Жандос облыстық боевое самбо жарысында 2 орын иегері
18. ЭМ-32 тобының б/а Таймас Саят Жарасұлы облыстық ережесіз жекпе жек күресінде 2 орын иегері
19. Қостанай облысы бойынша 53 кг салмақта гір спорты чемпионатында 1 орынға ие болған Э-21 тобының б/а Кулинич Алексей
20. ЭМ-32 тобының б/а Ғалымбекұлы Алмас жауынгерлік самбодан облыстық ашық турнирде 3 орын иегері
21. Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай баскетболдан ерелер командалары арасындағы Арқалық қаласының ашық біршілігінде 3 орын
22. Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасының бастамасы бойынша 2020 жылдың 01 маусымынан бастап Қазақстан Республикасында белсенді және талантты жастарды қолдау жөніндегі жоба «Елбасы медалі» бағдарламасында қола медаліне еи болған ТО-21 тобының білім алушысы Тұрысбек Нұрболат
23. Ахмет Байтұрсынұылының 150 жылдығына орай Арқалық қаласының колледж және институт студенттері арасындағы лига жарыстарының бағдарламасы шеңберіндегі шаңғы жарысының жалпыкомандалық қорытынды есебінде 3 орын
24. В чемпионате Костанайской области по смешанному единоборству Микс-файт среди детей и юношей в возрастной категории 16-17 лет вес 56,7 2 место занял студент группы Э-11 Калдыбай Жасулан
25. 1 наурыз алғыс айту күніне орай және пандемия кезінде «Жаса» еріктілер тобының көшбасшысы болып, қала тұрғындарына көмек көрсету ісіне елеулі үлес қосқаны үшін Арқалық қаласының әкімі Асанов Әмірхан Біркенұлының Алғыс хатымен ТО-21 тобының б/а Төлеухан Аязби Ақылбекұлы марапатталды
26. Республикалық «Бірге – Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы аясында өткізілген «Арқалық – таза қала» эко акциясы – кубок және арқалық қаласының әкімі Әмірхан Біркенұлының Алғыс хаты
27. «Студенттік көктем – 2022» фестиваліне белсенді қатысқаны үшін Қостанай облысының білім басқармасы басшысы З. Байменованың Алғыс хаты
28. Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай Арқалық қаласының колледж және институт студенттері арасындағы лига жарыстарының бағдарламасы шеңберіндегі жеңіл атлетика жарысының жалпыкомандалық қорытынды есебі бойынша 2 орын
29. Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай Арқалық қаласының колледж және институт студенттері арасындағы лига жарыстарының бағдарламасы шеңберіндегі жеңіл атлетика жарысында ұлдар арасында 100 м қашықтыққа жүгіруден 1 орынға АШМ-11 тобының б/а Жүрсін Ернұр ие болды
30. Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай Арқалық қаласының колледж және институт студенттері арасындағы лига жарыстарының бағдарламасы шеңберіндегі жеңіл атлетика жарысында қыздар арасында 100 м қашықтыққа жүгіруден 2 орынға П-11 тобының б/а Абатова Гүлім ие болды
31. Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай Арқалық қаласының колледж және институт студенттері арасындағы лига жарыстарының бағдарламасы шеңберіндегі жеңіл атлетика жарысында ұлдар арасында 1500 м қашықтыққа жүгіруден 2 орынға Э-11 тобының б/а Қалдыбай Жасұлан ие болды
32. Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай Арқалық қаласының колледж және институт студенттері арасындағы лига жарыстарының бағдарламасы шеңберіндегі

жеңіл атлетика жарысында қыздар арасында 1500 м қашықтыққа жүгіруден 2 орынға МЗ-11 тобының б/а Нұржан Балауса ие болды

33. Грамота начальника управления полиции г.Костанай полковника полиции М.Базарбаева за пропаганду безопасного дорожного движения и активное участие в конкурсе детских рисунков «Безопасность дорожного движения»
34. В областном турнире по смешанным единоборствам среди юношей и детейпосвященном 5-летию спортивного клуба «Намыс» студент группы Э-11 Калмагамбет Мухаммедали занял 3 место, награжден медалью и грамотой Президента федерации смешанных единоборств и боевых искусств Костанайской области Б.С. Кужбанова
35. В областном турнире по смешанным единоборствам среди юношей и детей, посвященном 5-летию спортивного клуба «Намыс» студент группы Э-11 Жанбырбай Максат занял 3 место, награжден медалью и грамотой Президента федерации смешанных единоборств и боевых искусств Костанайской области Б.С. Кужбанова
36. В областном турнире по смешанным единоборствам среди юношей и детей, посвященном 5-летию спортивного клуба «Намыс» студент группы Э-11 Кабен Бактыбек занял 3 место, награжден медалью и грамотой Президента федерации смешанных единоборств и боевых искусств Костанайской области Б.С. Кужбанова
37. В областном турнире по смешанным единоборствам среди юношей и детей, посвященном 5-летию спортивного клуба «Намыс» студент группы Э-11 Шарип Зулбахар занял 3 место, награжден медалью и грамотой Президента федерации смешанных единоборств и боевых искусств Костанайской области Б.С. Кужбанова

**Қорытынды:**

Жалпы колледждегі тәрбие жұмысы көпжоспарлы және жан-жақты жүргізіледі. иректордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының, топ жетекшілерінің, әлеуметтік педагог пен дагог-психологтың, медицина қызметкері, кітапханашы, дене шынықтыру оқытушылары мен қықбұзушылықтың алдын алу жөніндегі Кеңесінің жұмысына сүйенеді.

Алға қойылған мақсаттар мен міндеттер іске асырылып, орындалғанын атап өткім келеді. қытушылар, қосымша білім беру педагогтары мен топ жетекшілер студенттік ұжымды рбиелеу мақсатында міндеттерді жүзеге асыру үшін жеткілікті күш салды.

**Ұсынамын:**

1. 2022-2023 оқу жылы тәрбие жұмыстары жалғастырылсын.
2. Жатақхана тәрбиешілері, спорттық секция мен үйірме жетешілері жұмыстарын жалғастырсын.
3. Топ жетекшілерге тәрбие сағаттардың өткізу форматын түрлендіру және сабақтың сапалы өтуіне назар аудару.
4. Топ жеткшілер білім алушылардың өмірге деген сүйіспеншіліктерін қалыптастыру, оларды патриот, қайырымды, адамгершіл, еңбекқор болуға тәрбиелеу мақсатында келесі оқу жылы жұмыстарын жалғастырсын.